

Көшелерге қайта атау беру туралы

Атырау облысы Индербор кенті әкімінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 141 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 желтоқсанда № 3713 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 3 қарашадағы қорытындысына сәйкес Индербор кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Индер ауданы Индербор кентіндегі:

- 1) "И. Тайманұлы" тұйық көшесі – "Қаракей Дәулетов" есімі;
 - 2) "Шахтер" тұйық көшесі – "Сисенғали Тұңғатаров" есімі;
 - 3) "С. Сейфуллин" тұйық көшесі – "Зинедин Қабдешев" есімімен қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімі

А. Құсайынов